

1997 жылдың 12 наурызынан бастап шығып келеді

Ең қымбат, ең қимас күн!

Биыл Zhubanov University Ақтөбе өңірлік университетін 2723 түлек бітірді. Оның 515-і үздік диплом иегері (18,9%), 303 жас магистр дәрежесін алды.

Түлектердің кәсіби біліктілік және ғылыми дәрежесін қуаландыратын дипломдарын табыстауға облыс әкімдігі, университет басшылығы және өңірдегі сыйлы, еңбекте жемісті, танымал адамдар қатысты.

(Жалғасы 6-бетте)



Осы санда



ШЕТЕЛДІК
ҒЫЛЫМИ
ТАҒЫЛЫМДАМА —
ОЗЫҚ ҮЛГІДЕГІ
ТӘЖІРИБЕ

3-6 66



УСПЕШНЫЙ
АКАДЕМИЧЕСКИЙ
УЧЕБНЫЙ ГОД

16-стр

6-14 66

☑ Main news



ZHUBANOV UNIVERSITY ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДӘРЕЖЕСІ

Қазақстанның батысындағы №1 университет саналатын Zhubanov University Ақтөбе өңірлік университеті халықаралық дәрежеге көтерілуі мүмкін.



Heriot-Watt университетінің проректоры және вице-канцлерінің орынбасары Марк Бигс ОКҚ-дағы брифингте осындай пікір айтты.

Zhubanov University базасында былтыр ұлыбританиялық Heriot-Watt университетінің филиалы ашылған болатын. Онда қазір өңірге қажет 3 техникалық білім беру бағдарламасы бойынша 300 студент мемлекеттік грант негізінде оқып жатыр.

МИНИСТР ҚҰТТЫҚТАДЫ

ҚР Ғылым және жоғары білім министрі ҰБТ-да 140 балл жинаған Жаннұр Еңсебекті құттықтады. Саясат Нұрбек мектеп түлегінің ата-анасына ризашылығын білдіріп, оны дайындауда ұстаздардың рөлі зор екенін атап өтті.



“Алтын белгіге” үміткер 11 жыл бойы үздік оқыды. Алматы облысы, Есік қаласында “Математика-информатика” комбинациясы бойынша ҰБТ тапсырды.

СТУДЕНТТІК ЕМХАНАҒА — 25 ЖЫЛ

“Медицина қызметкерлерінің күні” мерекесінде Zhubanov University ректоры Лаура Қарабасова Студенттік емхана қызметкерлерін құттықтады.



Лаура Қарабасова дәрігерлердің қоғамдағы ерекше орнын атап өтіп, студенттердің денсаулығына жауапты мамандардың қызметіне табыс тіледі.


Мерекеде Студенттік емхана қызметкерлері ректордың Алғыс хатымен, ақшалай сыйақымен, Бастауыш кәсіподақ ұйымы ұсынған шипажайға тегін жолдамамен марапатталды.

Биыл Студенттік емхананың ашылғанына 25 жыл толды.

БАС БАСЫЛЫМҒА — БІР ҒАСЫР

Ақтөбе өңірінің бас басылымы — “Ақтөбе” газетінің шыға бастағанына 100 жыл толды.

Бір ғасыр бойы оқырман көңілін жоғалтпаған бұл газетте Құдайберген Жұбанов 1925-1928 жылдар аралығында жарияланымдарын шығарған. Ол кезде басылымның атауы “Кедей” болған.



Құдайберген Жұбановтың көтерген тақырыптары төмендегідей:

Ойыл коммуна мектебі кімге тиіс // Кедей, 14 қазан, № 62. 1925 ж., Сауатсыздықты жоятын нұсқаушы мектеп // Кедей, 14 қазан, № 62. 1925 ж., Халық ағарту ағысында төңкеріс толқыны // Кедей, 2 қараша, № 65. 1925 ж., Малды қауіпсіздендіру шаруаның ырысы // Кедей, шілде, № 94. 1926 ж., Мұғалімдер курстері тарады // Кедей, 31 тамыз, № 101. 1926 ж., Таңжарықтың қуанышы (әңгіме) // Кедей, 7 қараша, № 36. 1927 ж., Жаңа әліппені үйрен! Жаңа әліппе сабақтары: жаңа әліппенің әріптері, бірінші сабақ, екінші сабақ. Жаңа кітаптар: 1. Жаңа әліппе туралы, 2. Жаңа әліппе сабағы. Губерния ішінде. Округтың жаңа әліппе комитетінде. Қ. Ж. «Кедей» газеті, № 35, 36, 1928 жыл, ноябрь. Мемлекет басшысы БАҚ қызметкерлері күніне орай «Ақтөбе» облыстық қоғамдық-саяси газетінің шығармашылық ұжымына алғыс жариялады. Ақтөбе облысы әкімі Асхат Шахаров газет редакциясына арнайы барып, ғасырлық мерейтойымен құттықтады.

☑ Scientific internship

Шетелдік ғылыми тағылымдама — озық үлгідегі тәжірибе

Zhubanov University бір топ ғалымы шетелдік ғылыми тағылымдамадан өтті. Елге оралған ғалымдар АҚШ-тың Миннесота университетінде, сондай-ақ Ұлыбританияның Heriot-Watt университетінде "Болашақ" бағдарламасы бойынша "500 ғалым" ғылыми тағылымдамасы аясында 5-8 айлық қысқа мерзімді тағылымдамада болды. Ғалымдар осы мерзімде атқарылған жұмыстарға тоқталып, сапардан алған әсерлерімен қуана бөлісті.

Айгүл Махсұтова,
филология ғылымдарының магистрі.



— Миннесота Университетінде (CEHD) АҚШ-тың жоғары білім беру жүйесімен, оқытудың инновациялық тәсілдерімен (Innovative Teaching Approaches), зерттеудің әдістерімен (Research Methods) таныстым. Жалпы біздің бағдарламаның (Research and Pedagogy Visiting Scholars Internship Program) академиялық семинарлары — сандық зерттеу әдістері (Quantitative Research Methods) мен оқытудың стратегиялары мен технологияларын (Instructional Strategies and Learning Technologies) зерттеуге бағытталған. Біздің жоғары оқу орнымыздан айырмашылығын айтатын болсам, Миннесота университетінде Сандық (Quantitative) және Сапалы (Qualitative) зерттеу әдістері үшін R, Nvivo, Qualtrics секілді арнайы программалар қолданады. Және бұл программалар тегін қондырылған. Мысалы, сапалы және аралас (Mixed methods research) әдістерді зерттеу үшін Nvivo программасына жүгіндік.

Ал R — статистикалық талдау және деректермен (data) жұмыс жасауға өте пайдалы бағдарлама тілі. Ол үшін бізге 3 күндік бөлек семинар өткізді. Жиі сауалнама жасауға, оны жинауға, тіпті жауап деректерін талдай алуға ең көп қолданған платформа ол — "Qualtrics", — дейді осы бағытта білімін жетілдіргені алдағы ғылыми-зерттеу жұмыстарына үлкен қолдау боларына сенімді жас ғалым.

Ал Ph.D., доцент Сауле Садыкова үшін елімізде басталған "500



ғалым" жобасының нәтижесі жақын күндерде жемісін беретінін, заманауи оқыту технологиялары мен әдістерін біріктіру арқылы педагогтер қазақстандық білім беру саласына түбегейлі өзгеріс әкелетінін айтады.

— Оқыту әдістерін заманауи стандарттарға бейімдеу қажеттілігі артып отырған Қазақстанда оқытудың заманауи әдістерін меңгеру және енгізу білім беру реформасы мен инновация үшін өте маңызды.

Американдық білім беру технологияларын енгізу оқытушылар үшін де, студенттер үшін де жаңа мүмкіндіктер ашады. Оқытушылар практикалық дағдыларға ықпал ететін интерактивті оқыту тәжірибесі арқылы студенттерді сыни тұрғыдан ойлауға, проблемаларды шешуге бағыттайтын фасилитаторға айналады.

Сонымен қатар, студенттер әртүрлі оқу материалдарымен белсенді әрекеттесу және олардың қалауы мен оқу стиліне сәйкес келетін әдістерді таңдау арқылы оқу процесінде дербестік пен тәуелсіздікке ие болады.

Осындай үлкен әлеуетке ие заманауи әдістердің бірі — студенттердің зерттеу дағдыларын дамытуға арналған Steaky learning (оқыту) стратегиялары болып табылады.

Бұл инновациялық тәсілде студенттердің зерттеу сауаттылығы мен құзыреттілігін дамытуға бағытталған белсенді оқытуға, өтініштерге (сұраныстарға) және қосымша қолдауға баса назар аударады.

Дегенмен, білім беру орындарында Steaky-ді енгізу үшін ресурстар мен материалдардың қолжетімділігінде айқын олқылық бар, бұл осы салада одан әрі зерттеулер мен әзірлемелердің қажеттілігін көрсетеді. Осы олқылықты жою үшін мен Steaky оқыту принциптеріне негізделген «Академиялық жазу» тақырыбы бойынша практикалық тапсырмалар жинағын әзірлеуді ұсынамын. Бұл тапсырмалар белсенді қатысуды, ынтымақтас-тықты және сыни тұрғыдан ойлауды ынталандыра отырып, студенттердің зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталған.

Steaky оқыту стратегияларын оқу бағдарламасына кіріктіру арқылы педагогтер студенттерге тәуелсіз зерттеуші және білім жасаушы болуға, оларды академиялық және кәсіби салада табысқа жетуге дайындай алады.

Бұған қоса, оқуға арналған әмбебап дизайн (UDL) принциптерін енгізу зерттеу дағдыларын дамытудың және білім беру жағдайында инклюзивтілікті ынталандырудың тағы бір жолын ұсынады.

ЖОО-дан кейінгі білімге бейімделген UDL негізіндегі материалдарды әзірлеу арқылы педагогтер әртүрлі оқу қажеттіліктерін қанағаттандыра алады және барлық адамдар үшін зерттеу мүмкіндіктеріне тең қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Бейнелеу, тарту және білдіру құралдарына ерекше мән беретін UDL принциптері мүмкіндіктері шектеулі, басқа да айырмашылықтары бар білім алушылардың, сондай-ақ жалпы барлық студенттер үшін де оқу нәтижелерін жақсартатыны көрсетілген.

UDL-ті зерттеу оқытушыларды икемділікке, қолжетімділікке және инклюзивтілікке басымдық беретін инновациялық оқыту әдістерін енгізуге ынталандырады. UDL принциптерін қолдану арқылы оқытушылар әртүрлілікті, әділеттілікті дамытатын және студенттерге

зерттеуші және ұзақ мерзімге білім алушы ретінде өздерінің әлеуетін толық ашуға мүмкіндік беретін оқу ортасын жасай алады.

Шетелдік тағылымдамадан алған негізгі тұстардың бірі — зерттеудегі байланыс пен ынтымақтас-тықтың маңыздылығы болды. Ғылыми зерттеу кезіндегі жеке үлестер өте құнды болғанымен, әртүрлі, ортасы мен көзқарасы басқа адамдармен жұмыс істеу нәтижесінде пайда болатын өзара әрекеттесу инновациялық және мазмұнды зерттеу нәтижелеріне әкелуі мүмкін. Бірлескен зерттеулер зерттеудің сапасын жақсартып қана қоймайды, сонымен қатар академиялық қауымдастықта тиесілілік пен ортақ мақсат сезімін оятады. Мен қысқа мерзімді тағылымдаманың стипендиаты болғандықтан, бізде бағыттайтын куратор болған жоқ. Сондықтан бұл жағдайға бейімделіп, өзара ынтымақтастықтың арқасында профессор Bhaskar Upadhyayдың қолдауына ие болдым. Профессор Bhaskarмен бірге сауалнама сұрақтарын әзірледік және Qualtrics веб-сайтында сауалнама жүргіздік (29 респондент), 5 докторантпен сұқбат жүргіздік, өзім зерттеу әдістерін оқыту бойынша 3 курста бақылау жүргіздім, бақылауларды сабақтар мен оқу жоспарлары бойынша салыстырмалы талдау жобасын дайындадым.

Профессор Bhaskarмен бірге біз Education Sciences (Scopus) журналына бірлескен мақала жібердік. Сонымен қатар Миннесота университетіндегі респонденттерден деректер жинадым, енді деректерді талдау және қорытындылау, келесі мақаланың жобасын өңдеу және оны жариялауға жіберетін біраз үлкен жұмысы қалды.

Сонымен қатар, бұл тағылымдама менің академиялық зерттеулерге тән этикалық жауапкершілік туралы түсінігімді тереңдетте түсті. Зерттеуді реттейтін этикалық принциптер мен нұсқауларды сараптау адалдықтың, ашықтықтың және әрбір қатысушының құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеудің маңыздылығын көрсетті. Зерттеуші ретінде мен қазір қатысушылардың әл-ауқатын қамтамасыз етудегі және зерттеу нәтижелерінің тұтастығын сақтаудағы этикалық ойлардың маңызды рөлін терең түсінемін.

(Жалғасы 4-5 беттерде)

Scientific internship

Миннесота университетінің этикалық нұсқауларына сәйкес, зерттеуші субъектілермен зерттеу жүргізбес бұрын IRB рұқсатын алуы керек. Мен IRB-ге адам субъектілерін анықтау формасын тапсырдым және менің зерттеуім адам субъектілерін зерттеу болып табылмайтыны анықталды, сондықтан менің зерттеулеріме IRB протоколы талап етілмеді.

Сонымен қатар, тағылымдама менің академиялық зерттеулерде қолданылатын әртүрлі әдістемелер мен тәсілдер туралы түсінігімді кеңейтті. Пікірталастар, семинарлар және практикалық сабақтар арқылы мен сандық талдаудан сапалық зерттеуге және аралас әдістерге дейінгі көптеген зерттеу әдістерінің кең спектрімен танысуға мүмкіндік алдым.

Бұл таныстық бойымда зерттеу сұрақтарын тиімді іріктеуге, сәйкес әдістерді таңдауға және қолдануға икемділік пен бейімділікті қалыптастырды.

Жалпы, тағылымдама менің зерттеуші ретіндегі тұлғамды қалыптастыруда маңызды рөл атқарды десем болады. Ол маған ынтымақтастықты нығайтуға, этика нормаларын сақтауға, әртүрлі әдістемелерді үйренуге, ойлау жүйесін култивациялауға және зерттеу жұмыстарымда есуге ұмтылу кезкарасына бағытталуыма икемдеді.

Мен академиялық жолымды жалғастыра отырып, қатаң, түрлі зерттеу әдістері арқылы қоғамда білімнің ілгерілеуіне және жақсаруына елеулі үлес қосуға тырысамын, — дейді алған тәжірибесін кең түрде өңімелеген ғалым Сәуле Садыкова.

Миннесота университетінен тағылымдамадан өткен келесі ғалым-филолог, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Замзагүл Сүлейменованы онда-

Нақты айтсам, сонымен қатар зерттеу этикасын, сандық әдісті, сапалық әдісті, аралас әдісті зерттеуді, сауалнама стратегияларын, сұқбаттарды, көшбасшылықты, дискурсты талдауды, Qualtrics, академиялық жазуды, кәсіби сөйлеуді меңгердім, 3 минуттық презентация жасауды үйрендім.

Nvivo, R платформаларымен, әмбебап оқыту дизайнымен, ол жақтағы Sticky learning, белсенді оқыту, білім беруді интеракционалдандырумен таныстым. Әріптестердің сабақтарына қатысып, докторлық диссертациялар қорғауында, магистранттардың ғылыми жобаларын қорғау іс-шараларында болып, көзіммен көріп, көңіліме түйдім, — дейді бұған дейін де бірнеше шетелдік тағылымдамадан өткен, мол тәжірибелі доцент Замзагүл Сүлейменова.

Ғылыми тағылымдамадан шотландиялық жетекші ЖОО — Heriot-Watt университетінде өткен, **ХИМИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ, ПРОФЕССОР ЛЯЗЗАТ ТАСТАНОВА**



үшін бұл тәжірибенің маңызы зор. Өйткені жинаған білімі мен білігін осы шотландиялық университеттің Ақтөбеде ашылған филиалында жарататын болады.

— Тағылымдама алдында өзіме 4 міндет қойдым: өндірістік қалдықтарды кәдеге жарату саласындағы озық тәжірибелерді зерделеу, кәсіби зерттеу дағдыларымды дамыту және тереңдету, Heriot-Watt университетінде "Petroleum Engineering" және "Chemical Engineering" ББ оқытудың ерекшеліктерімен және оқу үдерісін ұйымдастырумен танысу, өзге де курс бағдарламаларын жақыннан зерттеу бағытында. Ғылыми тағылымдама университеттің Инженерлік және физика ғылымдары мектебінде өтті. Тағылымдама барысында диттеген мақсат-міндеттерім жүзеге асты деуіме болады. Еш кедергі болмады. Heriot-Watt University зертханалық жабдықтары, мәліметтер базасы арқылы ғылыми көздерге қол жеткізу қолжетімді. Әртүрлі физика-химиялық талдау әдістерін қолдана отырып, материалдардың құрамын, құрылымын және қасиеттерін зерттеуді қоса алғанда, зерттеу дағдыларымды жаңарттым.

Шетелдік ғылыми

Әріптестермен бірлесе отырып, өз мекемесінде ғылыми әзірлемелерді жүзеге асыру, ғылыми зерттеулерге жетекшілік ету қабілетін нығайту дағдыларымды жетілдірдім.

Heriot-Watt университетінің тіркелгісімен берілетін рұқсатты пайдалану арқылы Microsoft Excel Fundamentals — The Beginner's Masterclass, Microsoft Excel: Learn Excel by Creating Diverse Projects, MATLAB Onramp курстарын оқып алдым.

Тағылымдама кезінде өткізілген конференцияларға, семинарларға, дөңгелек үстелдерге, форумдарға қатыстым. "Сұйықтық механикасы", "Технологиялық процеске кіріспе", "Тұрақты даму және инженерлік менеджмент", "Жылу беру" "Технологиялық процестерді жобалау", "Термодинамика", "Химиялық инженериядағы математикалық модельдеу" және т.б. курстар бойынша дәрістерге, практикалық және зертханалық сабақтарға қатыстым. Тағылымдама нәтижесінде өнеркәсіптік қалдықтарды басқару саласындағы озық тәжірибелер, соның ішінде Heriot-Watt университетінің жабық журналдарындағы жарияланымдарға қолжетімділікті пайдалана отырып, осы саладағы халықаралық тәжірибе зерттелді, кәсіби зерттеу дағдыларым тереңдетілді.

Енді осы алған тәжірибемді өз Отанымда әрі қарай қалай қолданамын деген сұраққа келсем, ғылыми жобамды гранттық қаржыландыруға арналған конкурсқа әзірлеп және кейіннен коммерцияландыруға ұсыну жоспарымда. Сонымен бірге университетіміздің жас оқытушылары мен зерттеушілеріне, жалпы әріптестеріме семинарлар мен лекциялар өткізіп, жинақталған тәжірибеммен бөліскім келеді. Сосын элективті курс әзірлеп, оқу процесіне енгізу ойымда.

Heriot Watt университетінің ғалымдарымен орнатылған бұл байланыстар серіктес екі ЖОО арасындағы ынтымақтастықты одан әрі дамытады деген сенімдемін, — деді профессор.

Шетелде өткен тағылымдама ғалымға көзқарасымды түбегейлі өзгертті дейді келесі жас ғалым, **ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ, «АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ НЕМІС ТІЛДЕРІ» КАФЕДРАСЫНЫҢ АҒА ОҚЫТУШЫСЫ САНДУҒАШ МҰХТАРОВА.**

— "Болашақ" халықаралық орталығының "500 ғалым" бағдарламасының стипендиат иегері болу үшін бірнеше кезеңдерден өтіп, 2023 жылдың маусым айында конкурс нәтижесі шыққанда қуаныштан көкке секіріп, өңім бе, түсім бе деп біразға дейін сене алмағанмын. АҚШ елі — көптің арманына айналған ел, маған қол жетпейтін тәрізді еді. Дегенмен, "Болашақ"

стипендиясына тапсырып, бағымды сынап көрейін дедім. Көкейдегі арман мақсатқа жетелейді, мақсат арқылы арман орындалады. Соқраттың бір әдемі цитатасын әрдайым жадымда ұстауға тырысамын: "Қалтасында бір тиыны жоқ адам кедей емес, арманы жоқ адам — кедей" деген.

Осылайша "500 ғалым" жобасының стипендиаты атанып, бір топ әріптестеріммен бірге шетелге аттандым.

Миннесота Университетінің Білім және Адами ресурстарды дамыту колледжінің бағдарламасын таңдауым сәтті болды.

Осы бағдарламаның үйлестірушілері стипендиат атанғаннан бастап, зум арқылы бағыт-бағдар бере бастады. Бағдарлама жоғары деңгейде ұйымдастырылған. Семинарлары мен түрлі шаралары практикаға бағытталған, қазақстандық ғалымдар Миннесота Универ-



ситетінің ғалымдарынан үйренсін, білгендерімен бөліссін, нетворкинг жасасын деген мақсатта құрастырылған. Жергілікті ғалымдар да білгендерімен бөлісіп, әрдайым жылы жүзбен қарсы алып, көрген жерлерінде де тоқтап, жылылықтарын, бауырмалдықтарын танытып жатады.

Бағдарлама бойынша көп нәрсені атап өтуге болады, бірақ ең ұнағаны Dr.Rodriguez-тің (декан) Survey Design воркшобы болатын. Жай ғана анкета жасаудың қыр-сырларымен таныстырып, сұрақты дұрыс қоя білу секілді типстермен бөлісті. Dr.Bhaskar Upadhyay-дың Mixed Method Research Design, Dr.Vichet Chhuon-тің Qualitative Research Design секілді воркшоптары ғылыми жұмыс жазу барысында методологияны дұрыс анықтау мақсатына арналған болатын. Сонымен қатар, бағдарламаның барлық воркшоптары Көшбасшылыққа, Педагогикаға және Ғылымға бағытталған үш үлкен сала төңірегінде дайындалған. Сондай-ақ, Миннесота университеті ғылыми универ-



ғы білім беру процесіндегі жасанды интеллект қатты қызықтырыпты.

— Мен GPT жасанды интеллект чатын, оқу процесінде жасанды интеллектті пайдалануды үйрендім. Сондай-ақ, шетелдік әріптестердің зерттеу жүргізу үшін қандай цифрлық технологияларды сабақ барысында қолданатынын зерттедім.

Тағылымдама — озық үлгідегі тәжірибе

ситет (Research University) болған-дықтан ғылымға біраз көңіл бөледі, бакалавриат студенттерінің өздерін де ғылымға баулып, әрбір пәнге семестр нәтижесі ретінде ғылыми жұмысты қорғау енгізген.

"500 ғалым" бағдарламасы бойынша келген ғалымдарға колледждің профессорлық-оқытушылық құрамы мен студенттерін Poster Presentation арқылы өздерінің ғылыми жұмыстарымен таныстыруға да мүмкін болды. Менің тәжірибемде бұрын болмаған Poster Presentation-нен үлкен әсер алып, Білім және Адами ресурстарды дамыту колледжінің Зерттеу және Инновация күніне арналған Постер презентациясына да қатысып, жергілікті ғалымдарды өз ғылыми зерттеуіммен таныстырдым. Постер Презентацияның бір ұнағаны әрбір келген адамға өз зерттеуінді таныстыру барысында ойынды жүйелендіре түсесің, жаңа идея пайда болады.

Академиялық воркшоптардан басқа да Миннесота тарихымен, мәдениетімен танысу мақсатында түрлі музейлерге де саяхат жасадық. АҚШ-тың білім жүйесімен жақынырақ танысу үшін түрлі колледждерге де (Anoka Ramsey Community College, St. Olaf College, Carleton) бардық.

Жалпы бағдарлама менің ойымнан толықтай шықты. Ғылымға көзқарасымды түбегейлі өзгерттім деп анық айта аламын. Егер ғылыми тағылымдамаға дейін оқытушылық қызметке көбірек көңіл бөлсем, қазір ғылымға көбірек көңіл бөлу керек деген ойға келдім. Ғалым ретінде толықтай трансформациядан өттім. Енді университет ішінде өз әріптестеріме арнап түрлі семинарлар өткізу ойымда бар. Сондай-ақ, студенттермен жұмысымды да қайта қарастырсам деген пікірге келдім, — дейді әсерлерімен бөліскен Сандуғаш Мұхтарова.

Математика білім бағдарламасы бойынша, Ph.D., "Математика"

кафедрасының аға оқытушысы Бибігүл Омарова да "Болашақ"



Халықаралық бағдарламасының «500 ғалым» жобасына қатысушы стипендиат.

— Жоба аясында Ұлыбританиядағы Шотландия елінің астанасы Эдинбург қаласындағы Heriot-Watt университетінде «Математика. Математикалық талдау» бағыты бойынша 04.09.2023 ж.-29.04.2024 ж. аралығында 8 ай ғылыми тағылымдамадан өттім.

"Векторлық өрістердің бағыттары бойынша дифференциалдау операторлы автономды жүйелердің көппериодты шешімдері» тақырыбы бойынша ғылыми тағылымдамадан өтуге арналған жоспардағы мақсаттар мен міндеттер толықтай орындалды. Сонымен қатар, бұл жоспардан тыс тағы екі мақсатым болды, яғни біріншіден әлемдік ғылыми бағытқа бет бұру және жаңа көзқарас қалыптастыру үшін шетелдік ғылыми бағыттаушы табу болса, екіншіден ағылшын тілі деңгейімді әлі де көтеру.

Әрине, алғашқысы қиындау болатыны белгілі. Сондай-ақ, Heriot-Watt және Edinburgh университеттерінде ғылыми семинарларға, нетворкингтерге, воркшоптарға үздіксіз

қатысу барысында әлемге әйгілі математиктердің ғылыми зерттеулерінде, қолданған әдістерінде, зерттеулерді талқылауларында өзіндік ерекшеліктері бар екенін байқадым. Әрі осындай семинарларға қатысу барысында көптеген ғалымдармен танысып, ғылыми бағыттаушы таптым десем болады. Қазіргі уақытта байланысып тұрмыз, ол Heriot-Watt университеті профессоры, Эдинбургтегі Математика ғылымдарының Халықаралық орталығының директорының орынбасары және Еуропадағы Математиктер қауымдастығының вице-президенті.

Біздің университет базасында 2023 жылы 200 жылдық тарихы бар Heriot-Watt университетінің филиалы ашылғаны баршаға мәлім. Осы себепті мені Heriot-Watt университетінің Эдинбургтегі бас кампусындағы жалпы барлық ұйымдастыру жұмыстарының қалай жүргізілетінін анықтау қызықтырды. Сондықтан ғылыми тағылымдамамен қатар сабақтарға да қатысып, оқу үрдісі мен білімді бағалаудың ұйымдастырылуы, оқытушылар мен басшылық араларындағы қарым-қатынастар, барлық қызметтегі адалдық, сабақтардың өткізілуі, профессор-оқытушылар мен студенттерге жасалған жағдайлар, әкімшілік-басқару саласындағы қызметкерлердің адамдарға қарым-қатынастары, қарапайымдылықтары, сабақ өткізілетін аудиториялардың техникалық жабдықтары, барлық үрдістің автоматтандырылып, Canvas, Outlook жүйесінде ұйымдастырылуы, қағазбастылықтың аздығы, басқаның уақытын қатты бағалайтындығы, кез келген профессорға, менеджерге жолығу үшін алдын ала бос уақыттарын анықтау керектігі, куратор қызметінің жоқтығы, кітапханадағы жайлылық, студенттік ұйымның қызметі, студенттердің өз бетінше әрекет етудегі, білім алу-дағы жауапкершіліктері және т.с.с. өзгешеліктерді байқадым.

Ол жақта мені Математика және Компьютерлік ғылымдар (MACS) мектебінің ПО құрамы чатына қосқан болатын, сол кезде тағы бір байқағаным чатта кешкі 18.00-ден таңғы 8.00-ге дейін ешқандай хабарлама келмей, тыныш болатындығы және кез келген тапсыруға, жасауға тиісті құжаттар ең кемінде 1 апта бұрын беріліп, нақты тапсыру мерзімі көрсетілетіні, шұғыл жасауға тиісті құжаттар болмауы, барлығы уақытпен келістірілгендігі. Осындай жетістіктер, жағдайлар өзіміздің университетімізде де жүзеге асырылса, студенттердің өз бетінше жұмыс жасауын, әрекет етуін арттырсақ деген қызығушылық болды.

Қазақстанға келген соң алдыма, мүмкіндігіме қарай, университетіміздің әлде де жоғары білім беру саласында алдыңғы қатардан көрініп, жақсы өзгерістер орнауына үлесімді қосу, студенттер мен жас оқытушыларды жаңашылдыққа баулу, өз тәжірибелеріммен бөлісу, негізі қаланған ғылыми байланысты одан әрі дамыту сияқты мақсаттар қойып отырмын.

Оқытушылардың өз-өздерін дамытулары, өзгерістерден қорықпай алға ұмтылулары және әрбір басының оларды қолдауы, өсу мүмкіндігін қамтамасыз етуі, ашық қарым-қатынас жасауы университетіміздің өркендеуіне үлесін қосады деп ойлаймын.

Оқытушыларға жасалған жағдай — студенттердің сапалы білім алуының кілті, — дейді ойын қорытқан ғалым Бибігүл Омарова.

Тегін шетелдік ғылыми тағылымдамалар ұсыну арқылы елімізде оқытушылардың біліктілігін арттырудың маңызды кезеңі осылай сәтті жүзеге асуда. Zhubanov University ғалымдарының кезекті легінің шетелде жинаған тәжірибесі жоғары оқу орнының білім беру сапасын арттыруға ықпал ететіні өздігінен айқын.

Гүлнара Қараша



БОЛАШАҚ ТАЛАПКЕРЛЕР НАЗАРЫНА!
Толығырақ ақпаратты: Қабылдау комиссиясы

ВНИМАНИЕ БУДУЩИМ АБИТУРИЕНТАМ!
Подробнее: Приемная комиссия

+7 776 786 12 85

+7 778 550 91 95

+7 747 518 35 83

Ә. Молдағұлова, 34Б



Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе
өңірлік университетіне түсу бойынша
ШЕКТІ БАЛЛ

ПРОХОДНЫЕ БАЛЫ
на поступления в Актюбинский
региональный университет им. К.Жубанова

75 БАЛЛ/БАЛЛОВ

Даярлау бағытының коды және атауы
Код и классификация направлений подготовки

6B01 Педагогикалық ғылымдар	594 000 Т
6B01 Педагогические науки	
6B04 Құқық салалары	594 000 Т
6B04 Право	



Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе
өңірлік университетіне түсу бойынша
ШЕКТІ БАЛЛ

55 БАЛЛ

Даярлау бағытының коды және атауы

6B02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	594 000 Т
6B03 Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат	594 000 Т
6B04 Бизнес, басқару	594 000 Т
6B05 Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика	594 000 Т
6B06 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	763 200 Т
6B07 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары	763 200 Т
6B11 Қызмет көрсету	594 000 Т

✓ Main news

HERIOT-WATT UNIVERSITY — ЖОҒАРЫ ЫҚЫЛАС

Zhubanov University базасындағы ұлыбританиялық Heriot-Watt University-не түсуге ықылас білдірушілер қатары көбейді.

Бұл жөнінде Zhubanov University ректоры Лаура Қарабасова әлеуметтік желі парақшаларында қосымша ақпарат берді.

Талапкерлер санының көптігіне байланысты маусым айында ағылшын тілінен тестілеу емтиханы әр жұма сайын өтуде.

— Ұлыбританиялық оқу орнының филиалына түсу үшін ағылшын тілі деңгейін дәлелдеу керек.

Түлектерге арнап жыл басынан бері әр айдың соңғы сенбісінде тегін емтихан өтіп келеді. Биыл үміткерлердің географиясы кеңейіп жатқаны қуантады. Атырау, Орал, Ақтау, Қызылорда, Павлодар, Шымкент, Тараз қалаларының мектеп бітіруші түлектері қызығушылық танытып, емтиханға тіркелді. Тілек біл-



дірушілер саны да былтырғымен салыстырғанда әлдеқайда көп. Ай сайын 150-ден астам мектеп бітіруші емтихан тапсырады.

Heriot-Watt университетінің Қазақстандағы кампусында оқығысы келетіндердің көптігін ескеріп, маусым айынан бастап тестілеуді әр жұма сағат 15:00-де өткізу туралы шешім қабылданды. Емтиханды HW өкілдері алып, өздері бағалайды. Қазір де Ақтөбеге Heriot-Watt университетінен бір топ делегация келді. Профессорлар Jonathan Swingle (электротехника, электроника), Christian Dondrup (компьютерлік инженерия) және Graeme White (мұнай-газ инженериясы) ашық дәріс өткізді, — деді ЖОО басшысы.

Емтихан уақытында бірге келген ата-аналарға Heriot-Watt университетінің өкілдері бөлек инфосессия өткізіп, барлық сұрақтарына жауап береді. Былтыр филиалға мемлекеттік грант негізінде 3 білім бағдарламасына 300 студент оқуға қабылданды.

Студенттер британдық жүйемен білім алады. Студенттерге қойылатын талап та жыл сайын жоғарылай бермек.



Басты жаңалықтарды әзірлеген
Айерке Сұлтанбекова

✓ Graduates 2024



Ең қымбат, ең қимас күн!

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Солардың бірі — Айгүл Нуркеева, университеттің «Журналистика» мамандығы бойынша 2002 жылғы түлегі, «Ақтөбе Медиа» ЖШС директорының орынбасары, қалалық мәслихат депутаты.

«2002 жылы 29 маусымда алған дипломым шын мәнінде өмірлік кәсібімнің алдағы табыстарына нағыз жолдама болды. Университет ректоры Лаура Қарабасованың шақыруымен филология факультетін бітірушілерге диплом тапсыру құрметіне ие болдым. Айтпақшы, таңқаларлық сәйкестік, диплом алушылар 2002 жылы туғандар екен.

Жолдарыңыз ашық болсын, түлектер! Сіздер де мен тәрізді Zhubanov University түлектері қауымдастығының бір бөлшегі екендеріңізді мақтан тұтатындарыңызға сенімдімін!», — деді Айгүл Маратқызы.

Айгүл Нуркеева еңбек жолын «Актюбинский вестник» қоғамдық-саяси облыстық газетінің тілшісі болып бастады.

2005 жылы сол басылымның ақпарат бөлімінің меңгерушісі болды. 2008 жылы «Актюбинский вестник» газетінің редакторы болып тағайындалды. 2022 жылдың қазан айынан қазіргі уақытқа дейін — «Ақтөбе Медиа» ЖШС директорының орынбасары. «Ақтөбе облысының жыл адамы-2010» атағына ие. 2011 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған. «Болашақ» бағдарламасының түлегі. 2017 жылы Ньюкасл университетінде (Ұлыбритания) «БАҚ және журналистика» мамандығы бойынша магистратураны аяқтады, өнер саласының магистрі.

Барша түлектерді ең қымбат, ең қимас күнмен құттықтап, сәт сапар дейміз! Батыс өңіріндегі №1 университет мерейін биік ұстап, өмірдегі лайықты орындарын табуларына тілекшіміз!

Сұқбаттарды жазған журналист
Гүлнара Қараша

✓ Graduates 2024

— Данияр, жоғары оқу орнын сәтті бітіруіңізбен құттықтаймын! Еңбек жолыңызға табыс тілеймін! Әлде басқа жоспарыңыз бар ма?

— Зор алғыс сізге! Иә, бұйырса мамандық бойынша елге еңбек етіп, ұлтқа қызмет қыламын. Қай саладан айтсам да алға қойған жоспар өте көп. Мамандығым бойынша жоспарым, біліктілігімді әрі қарай шыңдап, магистратураға түспек ниетім бар, ғылыми салада қазақ тілін дамытуға арналған жобалар жасауды ойға алып жүрмін.

— "Қазақ тілі мен әдебиеті" мамандығын игерудегі ең басты артықшылық не деп ойлайсыз?

— "Қазақ тілі мен әдебиеті" мамандығын игерудегі басты артықшылық, ол, әрине — өз еліміздің, туған жеріміздің, ана тілінің, тарих-әдебиетін зерттеуім. Бұл мамандықты игеру кез кел-



Данияр Төрегелдиев
Zhupanov University «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ түлегі

Біліктілігімді әрі қарай шыңдап, магистратураға түспек ниетім бар

ген тәлімгерге ата-бабамыздан қалған тілімізді, әдебиетімізбен келе жатқан тәлім-тәрбиемізді, ділімізді, салт-дәстүрімізді қастерлеуге баулиды.

— Университетте оқу кезінде өзіңізді өнер жағынан жетілдіргеніңізді байқадың. Есте сақталар сәттер болар.

— Иә, студент болуым менің тек білімнің ғана емес, шығармашылық қарым-қабілетімнің де өсуіне зор ықпалын тигізді. 1-курсқа түсе сала университетіміздің "Жубанов жастары" театралдық ұйымына қосылдым, 3-курсымның 1-жартыжылдығында сол театрға төраға ретінде сайландым. Студенттік шағымның қайталанбас кезеңі деп осы театрмен өткізген уақыттарымды айта аламын. Театр арқасында университет сахна-

сында бірнеше рет өнер көрсеттім, тіпті республикалық жарыстарға қатысып, жүлде иеленген сәттерім де болды.

Осы орайда театрға төраға болған кезімде маған көп көмек көрсеткен университет қызметкерлері мен студенттеріне зор алғысымды білдіремін! Оның ішінде, Айбат Сидығатоллаұлына, Әділбек Ерденбекұлына, ко-

мендант Айгүл апайға ерекше құрмет!

Студенттік жылдар жалпы жарқын жетістіктерге толы болды. "Үміт" 2-республикалық студенттік театр фестивалі Қазылар алқасының арнайы жүлдесінің иегері, Ақтөбе облысы әкімінің "Алғыс хаты", "Ақтөбе қаласының жастар ресурстық орталығы" басшысының "Ал-

ғыс хаты", "Самға" мәдени-шығармашылық жоба байқауында алған 3-дәрежелі дипломым, вокалдық ән бойынша "Үздік өнерпаз" номинациясы бойынша жүлдем, "Самға" мәдени-шығармашылық жоба байқауындағы 2-дәрежелі дипломым, "Үздік оратор" номинациясы бойынша, осы табыстарым мені келесі белестерді бағындыруға баспалдақ болмақ.

— Мұғалім ер адамдар қатары көбейе бастаған сыңайлы. Осы мамандыққа көңілі түсіп отырған талапкерлерге, оның ішінде ер балаларға қандай маңызды ақпарат айтар едіңіз?

— "Қазақ тілі мен әдебиеті" пәнінің мұғалімі десе бірден ойымызға "Апай" деген сөз келетін шығар, бірақ мамандыққа оқыту жыныс талғамайды, тек қызығушылық талап етеді. Ер жігіттер бұл мамандықты игеру арқылы ұлтты оқытамыз, ұлт ұстазы болу әрқашан да қиын, ешқашан берілмеңіздер, жұрт сөзіне ермеңіздер, мақсат қойып, тақымды қысып, бәйгеден оза шабыңыздар!

— Студенттік жауапты да қызық жылдар артта қалып барады. Қимас жандарға қоштасарда не дегіңіз келеді?

— Студенттік шақ пайым-парасатымының артуына зор үлесін қосты. Осы орайда сол үшін студент Даниярға, оған тәлім берген оқытушыларға, оның қасында болған барша жандарға айтарым тек алғыс! Менің қазіргі кейпімнің айнасы — сіздерсіздер! Жүрегімнің түкпірінде сақтаймын, көзден кетсеңіздер де, естен кетпейсіздер! Баршаңызды жақсы көремін!



”

Филология
факультетін
228 түлек бітірді,
оның ішінде
80 түлек
Үздік диплом иегері

✓ Graduates 2024

Дильназ Қуанышева
Zhupanov University «Музыкалық білім» БББ түлегі

Әлем жұлдызы болатындай шәкірт тәрбиелейтін боламын

— Дильназ, өнер — тағдыр сыйы, көгінде көп биіктерге шығып үлгеріпсіз, дегенмен үздік дипломның орны бөлек. Құтты болсын! Бұл жетістікке жету оңай болмаған шығар?

— Рақмет, алдымен барлық бітіруші түлектерді диплом алуларымен құттықтағым келеді. Алдағы өмірлеріне сәттілік тілеймін. Өзім жайлы қысқаша айта кетсем, Ақтөбе облысы, Хромтау қаласында дүниеге келіп, 11-сынып мектепті сол жақта тәмамдадым. Оқушы шағымнан сахнаны жаным сүйді. Бала кезімнен концерт қарап емес, сол концертті ұйымдастыруға көмек беріп немесе өзім қатысып, сахнаның сыртында жүріп өстім. Адамның жетістігі «1% таланттан, 99% еңбектен» деп бекер айтпаған деп ойлаймын. Ес білгелі бар жеткен жетістіктерім өзімнің қайтпас мінезі мен еңбектенгенімнің нәтижелері.

Біздің оқуға түскеніміздің өзі қызық болды. Шығармашылық емтихандарымызды онлайн тапсырған болатынбыз. Сөйтіп барлық емтихандарды жақсы тапсырып, жоғары балл жинап мемлекеттік грант иегері атандым. 1-курсымнан бастап, қорықпай, вокал бағыты бойынша

аяқтап шығамын деген мақсат қойып, бүгін соның жемісін көріп жатырмын. Ішімде әрине толғаныс, қобалжу сезімдері бар.

— Жаныңызға жақыны өн шырқау ма әлде тәлім беру ме? Алдағы жоспар қандай?

— Тәлім бермес бұрын тәлімгердің өзі мықты болуы керек деп санаймын. Жақсы ұстаз болу үшін, алдымен өзің сол жолдан өтіп, өнер жолының барлық қиыншылығы мен қызығын көріп қана, практикада қолданып, кейін шәкірттеріне үйрете алады деп ойлаймын.

Қазіргі уақытта өзімді шығармашылық дамыту жолында келе жатырмын. Барынша пісіп, алған білімім пен тәжірибеммен бөлісетін уақыт келгенде әлем жұлдызы болатындай шәкірт тәрбиелейтін боламын.

— Өмір дерегіңіздегі жарқ еткен бір мәліметті көзім шалды. Димаш Құдайбергенов жүлдесін иеленген екенсіз. Бұл жүлденің критерийлері қалай еді? Әлем жұлдызының талантына ұқсастық па?

— Бұл байқауға республика бойынша іріктеу өтті. Бағым мен бабымды сынап мен де өтініш білдірген



Димаш Құдайбергеновтың Италиялық фан клубының атынан арнайы жүлдені иелендім. Марат Әйтөмов, Света Айтбаева (Димаш Құдайбергеновтың анасы) секілді тұлғалардың ақ батасын алдым.

— Прима-қобыз аспабын қашан меңгерген едіңіз? Өнер адамына аспапта ойнай алу шығармашылық даму сатысына ықпал етеді деген ойдамын...

наймын. Ол мейлі гитара, домбыра болсын, мейлі фортепиано аспабы болсын. Ұстазымыз Абдырашид Исакович айтпақшы «саусақтар алдамайды», қанша қобалжығаннан миымыз ұмытып жатса да, саусақтарымыз дайындалған шығармаларды ұмытпайды. 4 жыл оқып зерттеген прима-қобыз аспабы туралы жақында баяндама да қорғаған болатынмын.

— Студенттік алтын дәурен аяқталды. Кімдерді қимайсыз, кімге рақмет айтасыз?

— Көзді ашып-жұмғанша 4 жыл да зымырап өте шықты. Университет маған көп мүмкіндіктер мен достар сыйлады. Мықты ұстаздардан білім алдық. Ұстазым Мербол Оразбекович хор әлемінің қыр сырын үйретті, ол өнер адамы бола отырып, мықты ұстаз болудың жарқын

”

**Кәсіби-
шығармашылық
факультетін 343 түлек
бітірді, оның ішінде
48 түлек
Үздік диплом
иегері**



байқауларға қатыса бастадым. Әрине алғашқы жылы тек қана Алғы хат алып жүрдім. Кейін тәжірибе жинау арқылы деңгейім өсіп, жетістіктерге жете бастадым. Университет қабырғасында белсенді студенттердің қатарында болып, оқуға түскен жылдан бастап алдыма үздік

болатынмын. Ақтөбе облысының намысын қорғап шығу бақыты бұйырды. Үлкен жауапкершілікті сезініп, 2-ай көлемінде іріктеу мен үлкен дайындықтан өттім. 18 жасар балауса бойжеткен шағым, жан-жақтан жиналған мықты вокалистермен байқауда бақ сынадым. Байқау соңында

— Университетке түскеннен осы аспапқа қызығушылығым оянып, үйренгім келді. Ұстазым Асел Жусупбековна прима-қобыз аспабының қыр-сырын үйретіп, аспапта ойнауды үйретті. Кез-келген өнер адамы, яғни сауатты музыкант кемінде бір аспапты меңгеруі керек деп са-

дәлелі болды. Жатақханада бір нанды бөліп жеген группаластарымды да сағынатыным сөзсіз. Бірге гастрольдік сапарларға шығып, студенттік шағымыздан көп естелік жинадық. Вокалдан маған сабақ берген ұстаздарым: Гүлжамал Манасова, Жұлдыз Нұрқасымова ұстаздарыма рақмет. Екінші анамыздай болып кеткен кураторымыз Арайлым Қуандықызына ерекше алғысымды білдіремін.

✓ Graduates 2024

Мамандығым өте қызықты

Аселя Турарова
Zhupanov University
«Химия» БББ түлегі

— Аселя, тұлғалық дамуыңызға студенттік жылдар ерекше қарқын берген екен. Негізгі оқиғаларды қысқаша еске алып өтсек...

— Айтып кететін оқиғалар негізі көп, бірақ менің есімде қалғаны және үлкен тәжірибе берген бұл — менің Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша Алматыға оқуға барғаным. Сол кезде Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінде «Жұбанов университетінен келіпсің ғой, білімді тексерейік» деп сынай қарады. Мен барлық пән оқытушыларына дәлелдеп, жақсы оқып, біздің университеттің білім беру дәрежесін көрсеттім. Содан маған сеніммен қарап, университет ішінде өткен жарыстарға қатыстырып, белсенді студент екеніме қызығып, сонда қалуға шақырғаны менің мақтаныш сезімімді тудырғаны есімде. Жақсы естелік болып қалды.

— Игеріп шыққан Ғылыми химия бағыты туралы толығырақ айтып өтсеңіз. Химияның өзі тәжірибелік зерттеулерімен қызық пән ғой.

— Ия, мамандығым өте қызықты және де қиын мамандықтардың бірі болып табылады. Ғылыми химияның педагогикалық бағыттан айырмашылығы түп тамырына дейін зейінмен оқуды талап етеді. Қызықты тұсы зерттеулерді көп жасайтынымыз және неше түрлі нәрсенің құрамын зерттейтініміз. Осы мамандықта оқып жүріп, өзім әтір дайындап,



— Атаңыз бен әжеңіз дәрігер болған екен. Мамандық таңдауда сол кісілердің ықпалы болды деп ойлаймын.

— Негізі, ата-әженің қызымын, басында медицина са-

ласына барамын деп ойлағанмын, бірақ уақыт өте келе биологияға емес, химияға жақын екенімді сездім. Бірақ мамандық таңдауда әкем көмектесті, мені тұлға ретінде көріп, өзі мұғалім, маған дұрыс бағыт бе-

ру үшін психологтың кеңесіне жүгінді, сол маманның менің білімім мен дағдыма қарай айтқан осы мамандық маған бірден ұнады, өйткені олимпиадаларда тәжірибе жасайтын кездері қатты ұнайтын, өзімнің жетекшілерім, мұғалімдерім де "бұл — сенің мамандығың" деп қолдаған болатын.

— Бойдағы бала кезден қалыптасқан лидерлік қасиет университетте жатсынбай қайнаған қоғам жұмысына белсене араласуға мүмкіндік беріпті. Қандай жақсы! Енді жаңа ұжымда жұмыс бастау қиын болмайтын шығар.

— Негізі жаңа ортада маған бастапқыда қиын болды. 1 курсқа келгенде ұялшақ едім, кейін жайлап-жайлап ашылдым. Осылайша белсенді студентке айналуым апайым Данагүл Қожағалиқызының көмегі. Мені әрқашан алға тартып, көшбасшылыққа баулып, сайлап, көп нәрсе үйретті бойға сіндірді. Ал қазір, бұйырса алдағы жұмыста маған ешқандай қиындық тумады деп үміттенемін, өйткені осы 4 жыл бойы факультет басшылығының қолдауымен көптеген тренинг, семинарларға қатысып, шыңдалдым. Өзімді жан-жақты қырлардан нық көрсете алдым.

— Бүгінде арман қуған адамға мүмкіндік шексіз. Алдыңызға жаңа мақсаттар қойып отырған боларсыз.

— Алдағы жылдарға мақсаттарым өте көп, табиғатымнан арманшыл, мақсатшыл адаммын. Бір орында отыру маған ұнамайды. Ылғи жаңашылдыққа қызығып, дамығым келіп тұрады. Сондықтан алар асуым мен шығар биігім сөзсіз боларына сенемін.

”

Жаратылыстану
факультетін
274 түлек бітірді,
оның ішінде 68 түлек
Үздік диплом иегері

ғылыми жоба қорғадым яғни, сол кезде эфир майымен табиғи түрде дайындалған әтір мен өзіміз қолданып жүрген парфюмдермен салыстырған болатынымыз.



✓ Graduates 2024

— Екі шетел тілі маманы болып жатыр екенсіз. Құтты болсын, еңбек жолыңыз сәтті басталсын!

— Құттықтауларыңыз үшін көп рақмет! Иә, мен Шетел тілдері факультеті, «Шетел тілі: екі шетел тілі» білім беру бағдарламасын сәтті аяқтадым. Бұл қызықты білімге саяхат болды, оның барысында мен әртүрлі елдердің мәдениеттері мен тілдеріне терең үңілдім. Мысалы, ағылшын тілін үйрену маған тілдік дағдыларды игеріп қана қоймай, сол елдің тарихи және мәдени контексттерін тереңірек түсінуге көмектесті. Неміс тілін үйрену менің көзкіеімді кеңейтіп, әлемнің басқа бөлігінің мәдени ерекшеліктерін жақсы түсінуге мүмкіндік берді.

Мені мәдениетаралық қарым-қатынас аспектісі ерекше қызықтырды, сондықтан халықаралық алмасулар, жобалар мен конференцияларға белсенді қатысуға тырыстым. Мысалы, оқу барысында мен Американдық студентпен жоба жасауға мүмкіндік алдым, бұл маған тілдік дағдыларымды жетілдіріп қана қоймай, халықаралық ортада тиімді қарым-қатынас жүргізуге көмектесті. Сонымен қатар, өз білімімді іс жүзінде қолдану үшін Назарбаев Зияткерлік мектебінде практикандан өткен болатыным. Енді мен өз білімім мен тәжірибемді одан



Мерей Жұмағалиева
Zhubanov University «Шетел тілі:
Екі шетел тілі» БББ түлегі

ЕЛІМІЗДІҢ ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҒЫН ОҚЫТУҒА ДАЙЫНМЫН

әрі жетілдіріп, еліміздің өскелең ұрпағын оқытуға дайынмын.

— Осыдан төрт жыл бұрын орта мектепті үздік аяқтап, «Алтын белгі» иегері атандым, жақындарыңызды бір қуантқан екенсіз, міне енді университетті үздік дипломмен бітіріп, тағы қуантып отырсыз. Керемет көңіл күйін сыйлайтын ғажап сәт қой...

— Иә, осыдан төрт жыл бұрын жаһандық пандемия уақытында жалпы орта білім мектебін аяқтап, «Алтын белгі» иегері атандым. 2020 жыл бәріміз үшін де қиын кезең болды.

Ал қазір университетті Қызыл дипломмен аяқтап жатқанымашынымен де қуанышымда шек жоқ. Бұл мен үшін және менің жақындарым үшін үлкен мақтаныш. Менің өмірімдегі осындай маңызды сәттер табандылық пен мақсатқа ұмтылу арқашан өз жемістерін беретінін растайды. Болашақта жаңа белестерге ұмтылып, білімім мен тәжірибемді

болашақ кәсіби қызметімде қолданатынымна сенімдімін.

— Студенттік шақ — ең бақытты шақ деп есептеледі. Төрт жыл ішінде қандай қызықты сәттер болды?

— Мен студенттік шағымды Жұбанов университеті секілді керемет университеттің қабырғасында өткізгеніме қуаныштымын. Ең жарқын сәттерімнің бірі — Академиялық ұтқырлық бағдарламасы арқылы Еуропаны шарлап, Польшада бір семестр оқып, балалық арманымды орындағаным. Жыл сайын Ғылым айы аясын

да олимпиадалар мен қызықты іс-шаралар ұйымдастырылды. Быыл 4-курс студенті ретінде мен Орынбор педагогикалық университетімен бірлесіп, жыл сайын өткізілетін Лингвафорум конкурсына қатысуға мүмкіндік алып, нәти-

жесінде жүлдегер атандым. Төрт жыл оқу ішінде түрлі қызықты бірге бастан кешірген группаластарыма да алғысым шексіз! Менің әр оқ қадамыма қолдау білдірген, тәрбиелеген, өсірген, махаббатын арнаған ата-анамның ерен еңбегіне басымды иемін!

— Мұғалім болмаса да, шетел тілін өз қалауынша үйренетіндер көп. Дегенмен бұл саланың маманы болудың өз ерекшелігі болады ғой деп ойлаймын.

— Иә, қазіргі таңда ағылшын тілін білу заман талабы болғандықтан, өз қалауынша түрлі шетел тілдерін оқып үйренушілер саны күннен күнге артуда. Алайда, бұл саланың маманы болудың өз ерекшелігі бар. Бұл тек тілді білу ғана емес, сонымен қатар студенттерге материалды оңай сіңіріп, сол тілде сөйлесуге сенімді болатындай етіп білім беру. Сонымен қатар, шетел тілдерін меңгерудің қыр-сырын, түрлі техникалары мен методикаларын үйренген соң, кез келген шетел тілін үйрену жеңілрек болатыны сөзсіз. Мысалы, мен тағы көріс, испан, француз тілдерін меңгергім келеді.

— Жақсы маман болып шығу — жақсы оқытушыдан. Ұстаздарға жылы тілегіңізді білдіруге болады.

— Толықтай келісемін. Менің ұстаздарыма деген құрметім мен алғысым шексіз! Олардың шет тілін оқытуға деген құштарлығы мен оқу процесіне деген адалдығы мені осы саладағы ең жақсы маман болуға шабыттандырды. Мені әрдайым қолдап, алға жетелеген әр ұстазыма білім әлемінде таңғажайып саяхат және мансабында үлкен жетістіктер тілеймін!

— Ақ жол, Мерей! Қай жерде жүрсеңіз де сізді еліміздің батыс өңіріндегі №1 Жұбанов университетінің мерейін асқақтатып, абырой биігінен көргіміз келеді!

— Жылы сөздер мен қолдауларыңызға көп рақмет! Өлі талай биіктерден көрініп, үміттеріңізді ақтаймын деп сенемін.



”

Шетел тілдері
факультетін
285 түлек бітірді,
оның ішінде 58 түлек
Үздік диплом иегері

✓ Graduates 2024

Мариям Ходжабердиева
Zhubanov University «Тарих» БББ түлегі

Этнография саласымен айналысу ойымда

— Қойнауы тұнған сырлы тарих Маңғыстау өңірінен келіп білім алған екенсіз. Енді үздік тарихшы маман болып туған өлкеге барасыз. Жаңа өмірге қадамыңыз құтты болсын! Бұл мамандықты таңдауыңыздың өз себебі бар болар?

— Рақмет! Мектеп қабырғасында жүргеннен бастап гуманитарлық ғылымдарға жақын болдым. Бұл мамандықты таңдауымның себебі тарихқа деген қызығушылығым деп ойлаймын. Мамандық таңдар кезінде көп ойландым, маған тарихты зерттеуге үлес қосу қызығырақ болып көрінді. Осылайша тарих және археология саласын таңдадым.

— Университеттегі оқу қызықты болған екен. Археологиялық қазба жұмыстарына қатысыпсыз, соның негізінде ғылыми мақалалар жазыпсыз, осы жөнінде толығырақ айтып кетсеңіз.



— Археологиялық қазба жұмысына негізінен 1-курсты аяқтап, өндірістік практика кезінде қатыстым. Өте пайдалы тәжірибе жинақтадым. Тарихты

зерттеудің әдіс-тәсілін меңгердім. Көне заманнан қалған қышқұмыра, жәдігерлерді, т.б. алғаш рет археологиялық экспедициядан көрдім.

Археология — тарихты зерттеудің бастауы. Бірақ, менің ғылыми мақала, зерттеулерім басқа салада толығырақ: “Қазақ жер-су халкомы Ж.Сұлтанбекұлына”, “Современные тенденции изучения этнической истории Казахского народа”, “Ақтөбе өңіріндегі босқыншылық; себептері, жүрісі, салдары (XX ғ. 20-30 жж.) тақырыптарында жазылып, жарық көрді.

— Тарих факультеті университеттің көне факультетінің бірі. Мұнда есімдері белгілі тарих саласының ғалымдары еңбек етеді. Факультетте кәсіби маман бо-

лып шығуға тағы қандай жағдайлар бар?

— Тарих факультеті үлкен мүмкіндіктерге, болашаққа жол ашады. Тарих факультетінде оқытушы құрамның барлығы өз саласының білікті мамандары. Егерде студенттің тарихта қызығушылық танытатын белгілі бір саласы болса, факультеттегі



оқытушы ұстаздармен кеңесіп, өз саласындағы жетекші таңдай алады. Кәсіби маман болу үшін одан бөлек өндірістік практикалар ұйымдастырылады, мысалы: археологиялық экспедицияда, Ақтөбе облыстық мемлекеттік архивінде, Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінде. Өн-

сынап-шыңдауға кең мүмкіндік бар. Студенттік шағымның көп бөлігі осындай салмақты іс-шараларға қатысуға арналды. Бір тақырыпты бір жарым жылдай зерттеген кездер болды.

— Енді алда ғылымдағы бастамаларыңызды жалғастырасыз ба?

— Әрине, бұйырсағылымыбастамаларымды жалғастырып келеді. Жаңа тәжірибе жинақтап, алдағы уақытта тарихтың этнография саласымен айналысу ойымда.

— Тарихшы болудың артықшылығы жайлы талапкерлерге қандай кеңес берер едіңіз?

”

Тарих факультетін
109 түлек бітірді,
оның ішінде 26 түлек
Үздік диплом иегері

дірістік практикалар уақытында студент өзіне болашақ тарихшы ретінде көптеген тәжірибе жинақтайды және өз саласының дамуына үлес қоса алатын маман болып қалыптасады.

Сонымен қатар ғылыми конференцияларға қатысуға, пәндік олимпиадаларда біліміңізді

— Тарих факультетінде оқу іргелі білім береді. Тарихшы болудың артықшылығы тарихшылар кез-келген ортада өз ойын толық жеткізе алады. Тарихшылардың бір бөлігі негізінен жоғарғы мемлекеттік қызметтерде, ғылыми орталықтарда, ғылым, білім, мәдениет саласында жұмыс істей алады. Университетте оқи жүріп, ағылшын тілін меңгеріп алдым. Шетел тілін білу қай сала маманына да артық емес.

✓ Graduates 2024

Елімізде психологияға деген қызығушылық үлкен

Айтолқын Мухамбетжан
Zhubanov University
«Психология» БББ түлегі

— Психология салыстырмалы түрде басқа ғылымдарға қарағанда жас ғылым, бірақ өзекті. Бүгінде жеке дара мекемелердің өзі штатында психолог маман ұстап жатады. Маңызы неде?

— Қазіргі таңда психологияның қай саласы, қандай бағыты болмасын қоғамда, барлықтарыңыз байқайтындай, әлеуметтік желіде де танымал. Біздің заман ақпараттар заманы, өте көп ақпараттарды кішкене балалардан бастап, дұрыс па, бұрыс па, еш сүзгіден өтпестен қабылдап жатамыз. Әрине тұлға болып қалыптасқан жандар өзіне керек ақпаратты алады, керек емесін сол күйі қалдырады. Бірақ, десе де жан-жақтан тоқтаусыз келіп жатқан ақпараттар, әлеуметтік желідегі жасанды рөлдерге неге мен емес деп адамдардың өзін-өзі жазғыруы, өзгерген адамдар, өз-өзінен шаршап психологиялық қажу үстіндегі жандар біздің қоғамда өте көп. Және де бұл психологиялық дағдарыстармен дер кезінде жұмыс жасалмаса, ендеше бұл сол жанның өзіне, егер жұмыс жасаса жұмысының әлуахуалы, отбасында болса отбасы-

Әрбір тұлғаның психологиялық әл-ахуалының саулығы біздің еліміз үшін, қоғам үшін, әр отбасы үшін маңызға ие. Өркениетті дамытушы адамдар, ал сол адамдар физикалық және психологиялық сау болуы өте маңызды.

— Әрине, қазақы менталитетіміз өзiрге жаппай психологтардың көмегіне жүгінуге мүмкіндік бермейді. Көбіне адамдар психологияны психиатриямен теңестіреді, сөйтіп психологқа баруға қорқады не арланады. Кейде психологтардың кәсіби деңгейіне күмәнмен қарау да орын алады. Осы мәселелер төңірегінде қандай ой қосар едіңіз.

— Бәлкім, иә, осыдан бірнеше жылдар бұрын психология ғылымы Қазақстанда айтарлықтай дамымады. Бірақ мен дәл қазіргі сәтте айта алмас едім психологтарға баруға адамдар арланады деп. Себебі соңғы жылда бұл ғылым өте қарқынды дамыды, көпшілік жастарымыз өзін-өзі дамытумен айналысады, көптеген психологтардың сабақтарын қарайды. Осындай өмірге деген жоғары өміршеңдікпен, жақсы көзқараспен қарайтын жандардың көбейіп жатқаны көз қуантады. Десе де әрбір нәрсенің кері де әсері бар. Психологияның нағыз ғылыми әдістері, ғылыми тұрғыда қарастырылуы керек мәселелері ұмытылып кетіп жатады. Яғни



спорт, экология, өнер және бизнес, т. б орын алады.

Психологияның пайдасы адамның дүниетанымын қалыптастыруға, адамдармен жақсы қарым-қатынаста болуға көмектеседі. Қазіргі таңда білікті психология мамандары мен өзінің өміріне бейжай қарамайтын, психология іліміне жүгінетіндердің қатары көбейіп келеді.

— Студент шағыңызда биік жетістіктерге қол жеткізіпсіз. Өзіңіз игерген психологиялық дағдылардың септігі болды ма? — Әрине болды. Мен мамандықты тандау барысында психология бұл жәй ғана өзгенің проблемасын шешуден бұрын өз-өзіңді түсінуге, өзінмен де бақытты болуға жол ашатын мансап екенін түсіндім. Және менің мамандығым мен алған білімім жеке өмірде болсын, басқа жағында жетістікке жеттім де болмасын септігін тигізді.

Мамандықтан бөлек те өмірдегі қарапайым психологиялық дағдылар, көзқарастар, өзіндік дүниетаным,

маған қажет. Маман ретінде осындай мәселемен сізге қаралған адамның мәселесін қалай шешесіз?

Негізі көбіне қандай сұрақтармен барады адамдар, психолог алдына?

— Қазіргі таңда әрбір психологтың өз бағыты бар. Ең көп тарапқан мәселе құмаройын, отбасындығы кикілжіңдер, қарым-қатынас, стресс деп атап өтсем болады. Кез-келген психолог алдына келген клиенттің сұрағына бірден әрі қарайғы шешімін ғана іздемейді. Сол шешіммен бірге ол нәрсенің қайдан, не үшін, қалай пайда болғанын анықтап қана барып, өз алдына психологиялық-коррекциялық жұмыстар атқарылады. Қандай диагностикалық әдістер пайдаланасыз, қандай коррекциялық әдістер пайдаланасыз, олар өте көп. Сондықтан әр психолог өз жұмысында бірқатар әдістермен жұмыс жасау арқылы ғана клиентке өз септігін тигізе алады.

— Психолог-маман Айтолқын Мухамбетжан келесі кезеңде алдына қандай мақсат пен міндет қойып отыр?

— Алдағы уақытта әрі қарай тоқтап қалмай өз мамандығым бойынша білімді жетілдірім келеді. Мамандығым сан қырлы ортада болғандықтан өзіме, жан-жақты өзімді сынап, жаныма жақын деген сфераны тандап, сол бойынша өзімді дамытсам деймін. Осымен тоқтап қалмай, табиғаттың түрлі тылсым әдемілігін көргім келеді. Өмірде бізге берілген мүмкіндіктер шексіз. Сол бір шексіздік аясында өмірге шексіз ғашық болып, әр сәтімнің бағасын ұғынып, құндылығын жоғалтпсам. Әр перзенттің арманы ата-анасының разылығын алу. Дұрыс жолда болып, ата-анамызды қуанытып жүрудің өзі бір бақыт.

Осындай барша жетістігім ең алдымен ата-анамның, жақындарымның, ұстаздарымның қолдауының арқасы. Шексіз алғыс білдіремін.



ның берекеті қашып жатады. Мен ойлаймын осы мәселелердің алдын-алу мақсатында психологияның маңызы өте зор, орны бөлек.

Тағы да суицид мәселесі өкінішке орай біздің елде ең өзекті, өте қарқынды өршіп тұрған мәселе. Ал бұл мәселемен де күресетін бірден-бір мамандар — олар психологтар. Сондықтан қай сферада болмасын психология ғылымы маңызды. Оның үстіне қоғамда психологиялық көмекке мұқтаж ерекше білім беруді қажет ететін жандарымыз да аз емес.

ғылыми тұрғыдан қарағанда заманауи психология қарқынды дамып кетті. Мен ойлаймын ғылым әрқашанда ұмытылмауы керек.

Ал психология мен психиатрия ол екеуі екі бөлек. Психолог сіздің мәселенізді психиатриялық деңгейге дейін қарайды. Егер өршіген болса сізге психиатрға жолдама береді. Екеуінің ара-жігін ажырата білу керек.

Біздің елімізде психологияға деген қызығушылық үлкен және қазіргі қоғамның барлық салаларына: білім беру, саясат, медицина,

”

Педагогика және білім берудегі менеджмент факультетін 354 түлек бітірді, оның ішінде 50 түлек Үздік диплом иегері

ным, ең алғашқы қаланған кірпіш тас қашан да болмасын өмірде өз рөлін ойнайды. Дәл солай менде де, ең кішкентай деген білімімнің өзі қандай кездегі жетістігіме болсын өз әсерін тигізді.

— Адамның әлдебір арманының демей-ақ қояйын, дұрысы қажеттілігінің орындалуына психологиялық барьер кесірін тигізіп жатады. Өз өмірімнен мысал. Мен көлік айдауға қорқамын, өзімді көлік рулінде елестете де алмаймын. Алайда бұл

✓ Graduates 2024

МЕНІ МАТЕМАТИКАҒА ТЕРЕҢ БАУЛЫҒАН — ӘЖЕМ

Бексұлтан Көбесов
Zhubanov University
«Математика» БББ түлегі

— Математика ғылымының бірнеше түрлері бар. Қайсысына қабілетіңіз сәйкес?

— Әдетте математика — ғылымдардың патшасы деп жатады, математика ол — ойды жетілдіретін ғылым, математика ол — жаратылыстық ғылым. Жаратылыстық ғылым болғанда да басқа ғылымдардың негізі. Математика бізде жоғарғы сыныптарда алгебра және геометрия деп бөлінеді ғой, өз басым сол 2 бағыттан алгебраға қабілетім сәйкес келеді дейінші. Менің ойымша кез келген математикаға қатысы бар жандар осы геометрия жағынан біраз қиындарға тап болған шығар.

— Есепке жүйрік баланы "Математик" деп мақтайды. Қызығып, құрметпен қарайды. Сіз де математикаға ерте жақын болған боларсыз.

— Негізі бала математикамен мектепке оқуға келгенде танысады ғой. Бірақ бәрі математик болып кетпейді. Мені математикаға терең баулыған — әжем. Әлі есімде кешкі ас ішіп болғаннан кейін, үйімізде «Салқын бөлме» дейтін бөлmemіз болатын, соған әжем екеуміз кіріп алып, математика оқитынбыз. Бастапқыда қосу, азайту, ал 5-сыныпқа келгенімде, бөлу, көбейту үйреткен әжем еді. Әжем үлкен саудагер болған, ел аралап, саудаман айналысып, кіріс-шығыстарды есептеу үшін математикаға өзі де жақын болған шығар, сол кісінің арқасында қызықтық қой математикаға. 5-сыныптан бастап математикадан беретін Қабыл ағайымыз мектепте сыныптарлық жарыстарда осы математикадан есеп шығартып жарыстыратын. Сондай сәттер бәлім математиканы жанымызға жақындата түсірген болуы керек. Мектептен күнде алатын 5-ім математика пәнінен еді, 10 есеп шығарып, 5 алып қайтатынмын.

— Математиктер, тарихтан белгілі, философияға жақын. Әйгілі математиктер, мысалы, Пифагор, Исаак Ньютон философ болған. Ал сіз юморға, КВН ойындарына қызығады екенсіз.

— Иә КВН ойындарына қызығатыным рас, өз басым КВН-да бір философия бар деп білемін, бірақ ол әркімге әрқалай әсер береді ғой. КВН ойнауды сонау 7-сынып кезімізден бастадық, «Назар аудар», «Арал-Ас», «Ұлттық құрама» сынды командалардың әзілдерін көріп алып, мектепте іс-шараларда ойнап беретінбіз, 7-сыныпта көзге түсіп мектептің жалпы ауылдың атын үлкен облыстық деңгейде қорғап жүрген «Басқұдық» дейтін коман-



даға алындым. 2015 жылы алғаш Маңғыстау облысының жоғарғы лигасында финалға дейін барып, бірақ «Боранқұл» командасынан есе жіберіп, ұтылып қалғанбыз. Премьер лигада да ойнап 3-орынды алып қайтқанбыз. Сөйтіп мектеп бітіріп, Ақтөбе қаласына арман қуып келгенімнің бірден бір себебі осы КВН ойыны десек те болады. Себебі (бу жақта Университет КВН лигасы (факультетаралық) және Ақтөбе қаласының Жайдарман ойындары да жақсы дамыған, сапалы, әрі ойындар жоғарғы деңгейде. Сөйтіп, оқумен қатар КВН ойындарында қатар алып жүрдік, алғашқы жылы универ-

”

**Физика-математика
факультетін 430 түлек
бітірді, оның ішінде
64 түлек
Үздік диплом иегері**

ситет КВН лигасында факультет намысын қорғап, 3-інші орынды алып, одан кейін сол жылы Жайдарманға деген махаббатымды байқады ма

«БорнТех» деген команда өз қатарларына қосып, сол жылы Ақтөбе облысының чемпионы атандық. Одан кейінгі жылы сол лиганың Вице-чемпиондары деген атақ алдық. Астанада өтетін Маусымашарға университет ректоры Қарабасова Лаура Чапайқызының қолдауымен 3 жыл қатарынан Астанаға барып, ойындарға қатысып, жоғары деңгей-



де өнер көрсетіп, қазіргі таңда сол командамен университет намысын қорғап, республикалық сайыстарда топ жарып жүрген жайымыз бар.

— Жоғары білімді "Математика пәні мұғалімі" квалификациясын дәлелдейтін үздік диплом қолыңызда. Әрі қарай орта білім саласында қызмет етуге дайын боларсыз деп ойлаймын.

— Иә, құттықтап қойсаңыздар болады, диплом қолда, енді мұғалім деген киелі атқа лайық елге, туған жерге адал қызмет етемін. Мамандық таңдар кезде қатты ойландым, кім боламын, немен айналысамын, еліме пайдамды қалай тигізе аламын дейтін ойлар 16 жасар мені қатты толғандырды. Ойлана келе мұғалім боламын деп шештім, бірақ қай пәннен, шешімге келу керек болды, ақырында, әрине жанымға ең жақыны, өзімнің сүйікті математикамды таңдадым. Математикадан бір ұлы шәкірт тәрбиелеу үшін мұғалімнің ұлы болуы шарт емес. Мұғалім дұрыс бағытбағдар бере алса болғаны, балаға өмірдің түзу жолын көрсетсе жеткілікті. Мұғалімнің алдынан барлық мамандық иесі өтеді, 1 мұғалімнің алдынан өзінің 20 жылдық қызметінде мыңдаған оқушы өтеді, сол мыңдаған оқушының кемінде 100-іне мұғалімдік істі сүйдіре алса, ол 100-інің алдынан жүз, мыңдаған оқушы өтетін болады, көрдіңіз бе, мұғалім болудың басты миссиясы осы. Елге қызмет ету деген осы. Болашақта қазақтың алтын ұрпағы саналатын Алаш зиялылары сияқты ұрпақ тәрбиелеу біздің, мұғалімдердің қолында.

— Киелі Ақтау жерінен келіп оқыған екенсіз. Арайлы Ақтөбе де жүрегіңіздің төрінде қалады ғой енді.

— Арайлы Ақтөбе әрине әрқашан ыстық. Өзінің еш нәрсеге айырбастай алмайтын естеліктері бар. Қай қалада жүргенің емес, сол қаланы кімдермен өткіздің, сол маңызды. Үлкен қалада дұрыс орта таба білу өте үлкен рөл атқарады екен. Дұрыс орта болмаса өмірде ортаңғы қалыпты ұстап қалу өте қиын, я адамдықтың ең төменіне кетесің, я ел сыйлайтын, ата-анаң мақтанатын адам болып қалыптасасың. Шүкір, ортамыз оңынан болып, ел сыйлайтын азамат болып жүрміз. Ақтөбеде 4 жыл студенттік шақты өткіздік, ешқандай өкініш жоқ. Барын салып,

білімді, тәрбиелі адам болсын деп ат салысқан жандарға алғыстан басқа айтарым жоқ, әсіресе университеттегі ұстаздарымызға алғыс!

✓ Graduates 2024

— Үздік дипломыңыз құтты болсын! Елімізге қажет мамандықты игеріп шықтыңыз, еңбек жолыңыз қалай басталмақ?

— «Металлургия мамандығы бойынша бакалавриатты үздік аяқтаған соң, еңбек жолымды алған білімді іс жүзінде қолданудан бастауды көздеп отырмын, ең алдымен алдыңғы қатарлы технологиялар мен металл өндірісін меңгеру мақсатында ірі металлургиялық кәсіпорынға жұмысқа орналасу жоспарымда. Сонымен қатар, мен металлургияның қолданыстағы әдістерін жетілдіруге және жаңа технологияларды енгізуге бағытталған инновациялық жобалар мен зерттеулерге қатысуға тырысамын.

Менің мақсатым — металлургия өндірісінің тиімділігі мен экологиялық тазалығын арттыруға үлес қосу. Заманауи металлургия тұрақты дамуға бағытталуы керек деп есептеймін және қоршаған ортаға әсерді азайтуға және өнім сапасын жақсартуға көмектесетін шешімдерді әзірлеуге және енгізуге қатысым келеді. Болашақта өз біліктілігім мен білімді сала мен ел игілігі үшін барынша тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін жобалық менеджмент немесе ғылыми-зерттеу жұмыстары саласында дамуды қалаймын.

— Металлург мамандығын басында бекер таңдамағаныңыз белгілі. Қандай басымдықтарға



Нұрбақыт Кусайнова
Zhubanov University «Металлургия» БББ түлегі

УНИВЕРСИТЕТТЕ ЖИНАҚТАЛҒАН ТӘЖІРИБЕ МЕНІҢ БОЛАШАҚ МАНСАБЫМА БЕРІК НЕГІЗ БОЛАТЫНЫНА СЕНІМДІМІН

назар аударып едіңіз? Негізгі ер азаматтарға лайық мамандық болып есептеледі ғой.

— Металлург мамандығын таңдаған себебімнің бірнеше факторы бар:

1. «Өнеркәсіптің маңызы»: Металлургия машина жасау, құрылыс, энергетика сияқты көптеген негізгі салалардың негізі болып табылады. Мен экономика мен инфрақұрылымның дамуына үлес қосатын маңызды саланың бір бөлігі болғым келді.

2. «Инновация және технология»: Металлургия үздіксіз дамып, жаңа технологиялар мен әдістерді енгізуде, бұл мамандықты қызықты және перспективалы етеді. Соңғы технологиялық әзірлемелермен жұмыс істеу мүмкіндігі мені қызықтырды.

3. «Дағдыны дамыту»: Металлург мамандығы теориялық білім мен практикалық дағдыларды үйлестіруді талап етеді. Бұл академиялық білімді өмірдегі өндірістік тапсырмалармен ұштастыра отырып, кәсіби маман ретінде қалыптасуыма мүмкіндік береді.

Бұл ерлер кәсібі деген стереотипке келетін болсақ, қазіргі металлургиялық зауыттар барған сайын автоматтандырылып, технология жағынан жетілдірілуде, бұл — кәсіпті әйелдерге қолжетімді етеді деп есептеймін. Менің оқуым мен тәжірибем дұрыс көзқарас пен дайындықпен, жынысына қарамастан, осы салада табысты жұмыс істеуге болатынын дәлелдеді. Менің мақсатым — металлургияның дамуына үлес қосу және білім мен табандылығым кез келген кедергілерді жеңуге көмектесетініне сенімдімін.

— Соңғы кезде өндірісте жасанды интеллект мүмкіндіктерін

”

Техникалық
факультетті
418 түлек бітірді,
оның ішінде 50 түлек
Үздік диплом иегері

пайдалану туралы көп естиміз. Металлургия саласында да. Мысалы, сіздің кәсібіңіздің ең күрделі тұсы — металл балқыту процесі деп ойлаймын. Қауіпсіздік талаптарын қадағалауда ЖИ пайдаланылып жатыр. Осы туралы ойыңыз қандай?

— Металлургияда жасанды интеллектті (AI) пайдалану, әсіресе

се металл балқыту сияқты күрделі операцияларда, процестің тиімділігі мен қауіпсіздігін арттыру үшін көптеген мүмкіндіктер ашады. Міне, мен маңызды деп санайтын бірнеше маңызды аспектілер:

1. «Процестерді оңтайландыру»: AI сенсорлар мен басқару жүйелерінен келетін деректердің үлкен көлемін талдай алады, бұл балқыту процесінің параметрлерін дәл реттеуге мүмкіндік береді. Бұл металл сапасын жақсартуға және энергия шығындарын азайтуға мүмкіндік береді.

2. «Қауіпсіздік»: AI көмегімен бақылау нормадан ауытқуларды және ықтимал қауіпті жағдайларды жылдам анықтауға мүмкіндік береді. AI жұмыс орнындағы қауіпсіздіктің жоғары деңгейін қамтамасыз ете отырып, жазатайым оқиғаларды болжай алады және алдын алады.

3. «Болжамдық аналитика»: AI жабдықтың тозуы мен техникалық қызмет көрсету кестелерін болжау арқылы болжамды талдауға көмектеседі. Бұл жоспардан тыс тұрып қалу ықтималдығын азайтады және жабдықтың қызмет ету мерзімін ұзартады.

4. «Тұрақтылық»: AI ресурстарды тұтынуды оңтайландыруға және шығындыларды азайтуға мүмкіндік береді, бұл экологиялық таза өндіріске ықпал етеді.

Жасанды интеллектіні металлургиялық өндіріске біріктіру саланы бәсекеге қабілетті әрі қауіпсіз ететін болашаққа жасалған қадам екеніне сенімдімін. Бұл процестердің тиімділігін арттыруға ғана емес, сонымен қатар ыңғайлы және қауіпсіз еңбек жағдайларын жасауға мүмкіндік береді.

— Студенттік шақтың ұмытылмас сәттерін бір еске алайық. Тұлғалық жетілуіңізде қандай да бір роль атқарды ма?

— Студенттік өмір менің кәсіби және тұлға ретінде қалыптасуыма айтарлықтай әсер еткен көптеген ұмытылмас сәттер қалдырды:

1. «Тәжірибелік жобалар мен тәжірибелер»: Металлургиялық зауыттардағы нақты жобаларға және тәжірибеге қатысу маған тек сабақта ғана алынбайтын құнды тәжірибе берді. Теориялық білімнің тәжірибеде қалай қолданылатынын түсіндім, бұл таңдаған мамандығым деген сенімдімді арттырды.

2. «Ғылыми конференциялар мен конкурстар»: Олимпиадалар



мен ғылыми семинарлар сияқты студенттік конференциялар мен жарыстарға қатысу менің зерттеушілік және баяндама жасау дағдыларымды дамытуға ықпал етті. Бұл маған өз идеяларымды нақты жеткізуге және топта тиімді жұмыс істеуге үйренуге көмектесті.

3. «Курстық және дипломдық жобалар»: Курстық және дипломдық жобалармен жұмыс істеу маған металлургияның нақты аспектілерін тереңірек зерттеуге және өз бетімен жұмыс істеу, күрделі есептерді талдау және шешу дағдыларын дамытуға мүмкіндік берді.

4. Белсенді студенттік өмір: Түрлі студенттік ұйымдар мен іс-шараларға қатысу маған көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттерді дамытуға көмектесті. Бұл маған уақытты қалай дұрыс басқаруға және адамдармен қарым-қатынас жасауды үйретті.

Студенттік өмірдің осы аспектілерінің барлығы менің кәсіби білімді шыңдап қана қоймай, жеке тұлғалық өсуіме, топта жұмыс істеу дағдыларым, көшбасшылық пен өз-өзіме сенімділікке ықпал етті. Университетте жинақталған тәжірибе менің болашақ мансабыма берік негіз болатынына сенімдімін.

— **Ақ жол, соңында алдағы жоспарыңызбен де таныссақ деп едім.**

— Алдағы жоспарларыма келетін болсақ, мен келесі мақсаттарға ұмтыламын:

1. «Біліктілікті арттыру»: Жақын арада металлургияда жұмыс істеуді, озық жобаларға қатысып, біліктілігімді арттыруды жоспарлап отырым. Өндірістің әртүрлі кезеңдерінде тәжірибе жинақтап, инновациялық технологияларды енгізуге тырысамын.

2. «Білім»: Болашақта мен металлургия немесе материалтану саласында магистр дәрежесін немесе тіпті докторлық дәрежесін алу мүмкіндігін қарастырамын. Бұл менің білімді тереңдетіп, саладағы өзекті мәселелерді шешуге бағытталған ғылыми зерттеулерге қатысуға мүмкіндік береді.

3. «Инновациялық жобалар»: Металлургиялық өндірістің тиімділігін мен экологиялық тазалығын арттыратын жаңа технологияларды әзірлеуге және енгізуге қатысым келеді. Мен жасаңды интеллект, автоматтандыру және жаңа материалдарды пайдалану мүмкіндіктерін зерттеуге қызығамын.

4. «Тұлғаны дамыту»: Мен кәсіби қоғамдастықтарға, конференциялар мен семинарларға қатысуды, сондай-ақ коммуникация және басқару дағдыларын жетілдіру арқылы жеке деңгейде дамуды жалғастыруды жоспарлап отырым.

5. «Қоғамға үлес қосу»: Уақыт өте келе мен білім беру жобаларына қатысу және саланың дамуына үлес қосу және оның тұрақты дамуына қолдау көрсету үшін жас мамандарға тәлімгерлік ету арқылы өз білімім мен тәжірибеммен бөліскім келеді.

Бұл мақсаттар менің әлеуетімді жүзеге асырып қана қоймай, еліміздегі металлургия саласының дамуына зор үлес қосатынына сенімдімін.

✓ Graduates 2024

ЭКОНОМИКА САЛАСЫНДА ТАБЫСТЫ МАНСАПҚА ДАЙЫНДАЛУҒА ТАМАША МҮМКІНДІКТЕР



Дильназ Орынбасарова,
Zhubanov University «Экономика» БББ түлегі

— Университетті үлкен абыроймен аяқтап жатыр өкенсіз. Құттықтаймын! Бір мақсат орындалды. Ендігі міндет кәсіби даму болар?

— Көп рақмет! Иә, оқуды аяқтау — бұл маңызды кезең, бірақ мен үшін бұл кәсіби сапардың бастамасы ғана. Қазір менің міндетім одан әрі кәсіби даму. Мақсатым — экономикалық зерттеулер, модельдеу және деректерді талдау арқылы ұйымның немесе қоғамның дамуына үлес қоса алатын экономист немесе аналитик ретінде жұмыс істеу. Сондай-ақ, мен оқуды жалғастыруды да жоспарлап отырым. Білімді үнемі жаңартып отыру сұранысқа ие маман болып қалуға көмектеседі.

— Неліктен мектептен кейін экономика факультетіне түсуге шешім қабылдадыңыз?

— Экономика мамандығын таңдаған себебім — бұл әлемдік экономиканың қалай жұмыс істейтінін тереңірек түсінуге мүмкіндік беретін теория мен практиканың бірегей үйлесімі. Бұл мамандық экономикалық шешімдердің қалай қабылданатыны, бизнес пен тұты-

нушылық мінез-құлыққа қандай факторлар әсер ететіні, ресурстар мен қаржыны қалай басқару керектігі туралы бірегей білім береді. Бұл білім мен үшін тек бір саланың аймағында емес, күнделікті өмірде өз пайдасын тигізетініне сенемін. Сондай-ақ, экономика әртүрлі салалар мен елдерде кең мансаптық мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді, бұл оны болашақ кәсіби өсу үшін тартымды таңдау етеді.

”

Экономика және құқық факультетін 432 түлек бітірді, оның ішінде 72 түлек
Үздік диплом иегері

— Үш жыл қатарынан Президенттік стипендия иегері атану — маңызды көрсеткіш. Бұл білімге деген аса құштарлықтың нәтижесі деп ойлаймын.

— Иә, бұл мен үшін үлкен мақтаныш. Мемлекеттік грант есебінен білім алғандықтан, стипендия алып жүрген едім. Алайда, 1-курста ҚР Президенті стипендиясы туралы білгеннен кейін, оған жету мен үшін өзіндік мақсат болды. Тек қана жоғары балл алу үшін барымды салдым. Дегенмен, талап бойынша жоғары бағадан бөлек, студенттің ғылымнан да жетістіктері болуы керек. Бұл мені ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатысып, олимпиадаларда бақ сынауға ынталандырды. Елімізде білімге құштар жастар үшін көптеген мүмкіндіктер жасалған, мен де өз бағымды сынап, мәртебелі стипендия иегері атандым.

— **Экономика саласы кең әрі әрқашан өзекті. Қай бағытына қызығушылық басым?**

— Әрине, қарастыруға болатын бағыттар көп, олардың ішінде мен қаржы нарықтары мен инвестицияларға қызығушылық танытамын. Экономиканың бұл саласы капиталды бөлуде, инновацияларды қолдауда және кәсіпкерлікті дамытуда шешуші рөл атқарады. Қаржы құралдарын зерттеу, тәуекелдерді талдау және инвестициялық мүмкіндіктерді бағалау қаржы нарықтарының экономикалық дамуға қалай әсер ететінін және олардың ағымдағы және болашақ тенденцияларды қалай көрсететінін түсінуге көмектеседі.

— **Экономика бағытына оқуға түскелі отырған талапкерлерге өзіңіз игерген мамандық жайында сипаттап берсеңіз. Университетте бұл кәсіпті меңгеруге қандай мүмкіншіліктер жасалған?**

— Экономика — бұл үнемі дамып келе жатқан және мамандардан кең білім мен аналитикалық дағдыларды талап ететін пән. Университет осы мамандықты тереңдетіп оқуға және экономика саласында табысты мансапқа дайындауға тамаша мүмкіндіктер ұсынады. Университетте студенттер экономика теориясы, зерттеу әдістері, деректерді талдау туралы іргелі білім алады, сонымен қатар микро және макроэкономиканың негізгі аспектілерін меңгереді. Оқу процесін танымды, әрі қызықты етуге жағдай жасалған. Яғни, теориялық курстар, практикалық сабақтар, пәнаралық курстар, мамандармен семинар-тренингтер, практикалық сабақтардың жүргізілуі. Сондай-ақ, оқу ордамыз академиялық ұтқырлық арқылы білім алуға да мүмкіндік береді. Ол арқылы ҚР өзге қалаларына немесе шет елге шығып, өзге жоғары оқу орындарының тәжірибесін игеріп қайтуға болады. Мысалы, Польша, Түркия, Италия секілді мемлекеттерге бір семестрге оқуға барып, өз көкжиегіңізді кеңейтесіз. Польша мемлекетіндегі WSG университетіне академиялық ұтқырлық арқылы барып келген болатынымын, осы үшін өз университетіме үлкен алғыс білдіремін. Сапалы білім, қызықты студенттік өмір, дамуға мүмкіндік алғысы келетін әр мектеп бітіруші түлекті Қ.Жұбанов атындағы АӨУ-не шақырамын.

Успешный академический учебный год

Ректор Zhubanov University Лаура Караба-
сова поздравила с успешным завершени-
ем 2023-2024 академического учебного года.

— Подошел к концу академический год. Мы снова принимаем новых абитуриентов и выпускаем из под крыла альма-матер молодых специалистов.

В этом году у нас около 3 тысяч выпускников, из них около 18% — обладатели диплома с отличием. География наших выпускников обширная. Помимо соседних регионов, в этом году есть выпускники, которые родом из России, Узбекистана, Азербайджана и Туркменистана.

С 21 по 26 июня 2024 года провели церемонии вручения дипломов выпускникам. В торжественных мероприятиях приняли участие представители 9 факультетов университета, выпускники и тысячи родителей пришли поддержать своих детей и еще свыше 5000 зрителей смотрели трансляцию церемонии в прямом эфире в конференц-залах университета.

Выпускников поздравляли руководство Актюбинской области, начальники управлений и департаментов области, а также выпускники, директора и представители крупнейших предприятий региона. Это директор Актюбинского завода ферросплавов «ТНК «Казхром» Ержан Абдулабеков, который является одним из первых выпускников технического факультета нашего вуза.

Выпускников факультета экономики и права пришел поздравить начальник Департамента полиции Актюбинской области Абай Жусупов. Среди гостей были директора школ, представители спорта и культуры. Поздравил профессионально творческий факультет выпускник этого факультета Евгений Гончаров — заслуженный мастер спорта по гиревому спорту, 13-кратный чемпион мира, руководитель областного управления физической культуры и спорта Актюбинской области.

Представители завода «Актыобренген» лично поздравили выпускников и уже специалистов новой образовательной программы «IT-медицина», а партнеры из Западно-Казахстанского медицинского университета имени Марата Оспанова вручили дипломы.

И, конечно, каждая церемония вручения диплома наполнена яркими эмоциями и трогательными моментами. Вдохновляет: видеть, как наши выпускники, держа в руках заветные дипломы, готовы идти вперед, узнавать новое и покорять мир. На церемонии вручения появилась маленькая традиция. Каждый выпускник смог загадать желание и запустить в небо свои мечты в виде белых бумажных самолетиков.

Желаем выпускникам доброго пути в жизнь, — сказала ректор.

Гульнара Караша



Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, №КЗ26ВРУ00026721 куәлігі 09.09.2020 ж. берілген.

Газет айына бір рет шығады

Газет бетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

**Zhubanov University
облыстық ақпараттық-
танымдық газеті**

Меншік иесі:
ҚР БЖҒМ «Қ.Жұбанов атындағы
Ақтөбе өңірлік университеті»
коммерциялық емес
акционерлік қоғамы

**Басқарма төрайымы-ректор
Лаура Қарабасова**

Бас редактор
Гульнара Караша

Аудармашы
Айерке Сұлтанбекова

Дизайнер:
Нұрша Биданова

Фотограф:
Есет Саргузин

Редакцияның мекенжайы:
030000, Ақтөбе қаласы,
Гришин көшесі, 7 «А»
337 бөлме

E-mail:
gazetaZhU@mail.ru
Сайт: <http://zhubanov.edu.kz>

Facebook: ZhU oblystyq gazetі

Таралымы: 5000 дана